

№7 Лекция Орта ғасырлардағы Еуропа өнері.

Дәрістің мақсаты: Орта ғасырлардағы Византия мен Батыс Еуропа елдерінің өнері туралы материалдарды игеру.

Кілт сөздер: Роман, варвар, Сан-Витале шіркеуі, собор, күмбез

Дәрістің жоспары:

1. Романдық өнер
2. Готика өнері (X—XII ғасырлары)
3. Ерте-христиандық базиликтерінің құрылымы.

Рим империясы құлағаннан кейін Батыс Еуропада орта ғасырлар дәуірі басталды. Бұл ұзақ жылдарға созылды. Империя жеріне енді солтүстіктен әр түрлі халық, тайпалар қоныстана бастады. Әсіресе солтүстіктен герман халықтары көптеп келді. Ал олардың мәдени деңгейі римдіктерге карағанда әлдеқайда төмен еді. Сондықтан да римдіктер оларды "варварлар" деп атады. "Варварлар" ("жабайы") мәдениет көзін дұрыс түсінбегендіктен, Батыс Рим мемлекетіне қатты соққы беріп, антикалық өнер шығармаларын қиратты. Қалған өнер көздері римдіктер христиандінің қабылдағаннан кейін ғана өзінің әсемдігін, зәулімдігін сақтап қалды. Қиратылған мемлекеттер орнында бірнеше "жабайылар" корольдігі пайда болды, солардың ең мықтысы франктер мемлекеті еді. Бұл мемлекеттегі меровингтік және каролингтік әулеттер дәуірінде өнер қанатын кең жайды. Мұнда "варварлардың" өсерімен көлөнер дами түсті. Тоқып жасаған заттар, ою-өрнек бірін-бірі қайталамайтын әсем ырғақтардан тұрды. Осы кезеңде кітап безендіру ісі де жоғары сапаға ие бола бастады. Көбінесе монастырьларда монахтар "Библияны", тағы басқа кітаптарды көшіріп, көркемдеді. Мұндай кітап көркемдеуді "миниатюра" деп атады. Меровингтік дәуірде миниатюрадағы бейнелер жалпылама, жазықтық түрінде бейнеленді, ал Каролинг дәуірінде, әсіресе Ұлы Карл тұсында (742—814) бейнелеу шынайылыққа жақын, табиғи кейіпке келтірілді. Ұлы Карл тұсында франктер мемлекетінде, көбінесе римдік базилик жобасындағы тас шіркеулер тұрғызылды. Ұлы Карлдың империясы ыдырағаннан кейін, оның орнында үш мемлекет пайда болды. Олар — Франция, Германия, Италия. Сол кезде Каролинг өнері жаңа ғасыр өнерінің дәуіріне аяқ басты және өнердің түрлі ағымдары пайда болды. **Романдық өнер.** Бұл өнер Батыс Еуропа елдерінде X—XII ғасырлар дамыды. Бұлай аталуы оның сәулетіне байланысты еді. X—XII ғасырлары сәулет ғимараттарының материалы, негізінен, тастан болды, ал төбелері кресті-арқалы тәсілмен тұрғызылды. Бұл әдіс орта ғасырларда қолданылған. Ал оның романдық әдіс деп аталған себебі — ол римдік әдіспен тұрғызылған. Сондықтан бұл дәуір сәулеті де солай аталды. Романдық әдіс антик өнерінен кейінгі феодалдық құрылыс тарихында өз орнын алған өнердің бір ағымы болды. Сәулет өнерінде романдық өнердің негізгі ғимараттары — ғибадатханалар мен шіркеулер болды. Олардың құрылысы да ерекше еді.

Орта ғасырлардағы тұрғызылған алғашқы шіркеулер өте ауыр, қалың тастардан қаланды. Роман шіркеулері өзінің сыртқы кейіпмен тұрпайы

көрінгенімен, ішкі бөлмелерінің безендірілуі өте жақсы болды. Шіркеудің капительдерінде, аркалы терезелерде, кереге бедерлерінде таңғажайып адам басты кентавр, құбыжық мүсіндер қойылды. Ол қараңғы халық "Інжіл" атты қасиетті кітапты оқымаса да, ондағы бейнеленген әулие, періштелерді бірден танып, қабылдауды көздеп жасалған. Романдық сәулет өнері алғаш Италияда дамып, соңынан Германияда өзінің өрісін дамыта түсті.

Готика өнері (X—XII ғасырлары) Готика өнері алғаш Францияда жақсы дамыды, бұл өнер түрі романдық өнерден кейін келді. Готикалық әсем өнер түрі Францияда өркендеп, сонда сақталған. Кейіннен ол басқа елдерге тарады және XVI ғасырға дейін созылды. Готика өнері өзінің ерекшелігімен роман ағымынан дараланып тұрады. Сонымен қатар оның ғасырдан ғасырға өткен сайын көтерілгені, дамығаны байқалады. Мұндағы роман стилі ауыр қорғандардай монументтігімен көзге түссе, готика ағымы биік сымбатымен, аспанға ұмтылған инедей үңкір мұнараларымен таңырқатады. Роман мен готика ағымындағы ғимараттарды салыстыра қарастырсақ, ерекше қасиеттерді көруге болады. Роман ағымында салынған сәулет ғимараттарында ауыр төбені ұстап тұру үшін терезелер аз жасалынған. Ал готикада терезелер өте үлкен, биік және жиі орналасқан. Кіре беріс есігінің маңдайша аркасы үшкірленіп бітетіндіктен, готика ғимараттары өте жеңіл, әдемі көрінеді. Готика соборлары үшкір, ұзыншақ болып келеді. Франциядағы ең көне және бүкіл әлемге әйгілі ғимарат — "Құдай ана" ғимараты. Ол XII ғасырда салынған. Орта ғасырларда Францияда 800-ге жуық собор, жүздеген игіркеу, монастырьлар болды. Соның бірі — "Әулие Михаил тауы" атты ансамбльдік ғимараты. Бұл Нормандия жерінде тұрғызылған. Франция готикасы жолымен Германияда да салтанатты соборлар жаппай салынды, соның бірі — Страсбургтегі собор болды (1276). Флоренциядағы Әулие Мария дель Фьоре шіркеуі мен Милан соборы көзге түседі. Осы кезеңде мүсін, әр түрлі мадонналарды кескіндеу, діни ғимараттарды росписьтермен бедерлеу қолға алынды. Сол кезеңде осы өнер бағытының асқан шебері Джотто ди Бондоне (1266—1337) өмір сүрді. Ол бояулардың сан түрлі құбылмалы реңдерімен-ақ кескіндемелік шығарманы жандандыра түсті. Готика дәуірінде миниатюралық кескіндеме дамып, ерекше белеске көтерілді. Бұрындары мұндай өнер түрімен тек діни сопылар айналысса, енді кейіннен нағыз суретшілер айналысатын болды. Миниатюрамен кітап көркемдеуді әрдайым өкімет басшылары қолдап, қамқорлыққа алып отырды, соның бірі — Франция герцогі Беррийски еді. Батыс Еуропада алғаш рет қондырғылы кескіндеме пайда болды және ол жер-жерге жылдам таралды. Готика әсері заманында әрбір зат, оның ішінде киім, жиһаз, тағы басқа бейнелеу өнері салаларының өнімдері өзіндік із қалдырды. Еуропадағы ортағасырлық өнер көркем мұрадан дамыды. Рим империясы және иконографиялық дәстүрлер туралы ертедегі христиан шіркеуі. Бұл дереккөздер Солтүстік Еуропаның жігерлі "варварлық" көркем мәдениетімен араласып, керемет көркем мұра қалдырды. Шынында да, ортағасырлық өнер тарихын элементтердің өзара әрекеттесу тарихы ретінде қарастыруға болады классикалық, ерте христиандық және "варварлық" өнер. Классицизмнің

формальды аспектілерінен басқа, Византия өнерінде бүкіл кезең бойына сақталып келген объектілерді шынайы бейнелеудің үздіксіз дәстүрі болды, ал Батыста ол Батыс Еуропада дамыған жаңа экспрессионистік мүмкіндіктермен үйлесетін және кейде бәсекелес болып үзік-үзік пайда болды. энергетикалық сәндік элементтердің солтүстік мұрасы. Кезең өзін-өзі қабылдаумен аяқталды Ренессанс классикалық өнердің дағдылары мен құндылықтарын, көркемдік мұраларын қалпына келтіру Ортағасырлық өнер содан кейін болды абыройсыз кейбір ғасырлар бойы. 19 ғасырда қызығушылық пен түсіністік қайта жандана бастағаннан бастап, бұл кейінгі батыстық өнердің дамуына негіз болатын орасан зор жетістік кезеңі ретінде қарастырылды. Ортағасырлық кезең, сайып келгенде, бірінші мыңжылдықты сипаттайтын аймақтан тыс шапқыншылықтар мен шабуылдардың құлдырауын көрді. Ортағасырлық өнер Исламдық жаулап алулар 7-8 ғасырларда бүкіл Солтүстік Африканы Батыс әлемінен кенеттен және біржола алып тастады, ал қалған кезеңдерде ислам халықтары біртіндеп жаулап алды. Византия империясы, орта ғасырлардың соңына дейін католиктік Еуропа оңтүстік-батысында Пиреней түбегін қалпына келтіріп, оңтүстік-шығыстан мұсылмандардың қаупіне тағы да ұшырады. Ортағасырлық кезеңнің басында ең маңызды өнер туындылары зайырлы элиталармен, монастырлармен немесе ірі шіркеулермен байланысты өте сирек кездесетін және қымбат объектілер болды, ал егер діни болса, көбінесе монахтар шығарды. Орта ғасырлардың аяғында шағын ауылдарда және олардың едәуір бөлігінде айтарлықтай көркемдік қызығушылық тудыратын туындылар табылуы мүмкін буржуазиялық қалалардағы үйлер және олардың өндірісі көптеген жерлерде маңызды жергілікті өнеркәсіп болды, суретшілермен бірге діни қызметкерлер енді ерекшелік. Алайда Әулие Бенедикт ережесі монастырлардың өнер туындыларын сатуына жол берді, және бүкіл кезең ішінде монахтар өнерді, оның ішінде зайырлы туындыларды коммерциялық мақсатта қарапайым нарыққа шығаруы мүмкін, ал монастырлар қажет болған жағдайда қарапайым мамандарды бірдей жалдайтыны анық. Сақталған туындылар ортағасырлық өнердің барлығы дерлік діни сипатта болды деген әсер қалдыруы мүмкін. Бұл жағдайдан алыс; шіркеу орта ғасырларда өте бай болып, кейде өнерге мол қаражат жұмсауға дайын болғанымен, тозудың, жоғалудың және жойылудың анағұрлым жоғары деңгейіне ұшыраған баламалы сападағы зайырлы өнер де көп болды. Орта ғасырларда, әдетте, әулиемен немесе негізін қалаушы қайраткермен бірлестікке қарағанда, ескі туындыларды көркемдік құндылығы үшін сақтау тұжырымдамасы жетіспеді, ал Ренессанстың келесі кезеңдері және Барокко ортағасырлық өнерді қорлауға бейім. Ерте орта ғасырлардағы ең сәнді жарықтандырылған қолжазбалар мол болды қазынаны түптеу бағалы металдан, піл сүйегінен және асыл тастардан жасалған мұқабалар; қайта тігілген беттер мен піл сүйегі рельефтер өйткені мұқабалар бір кездері құнды материалдары үшін алынып тасталған толық мұқабаларға қарағанда әлдеқайда көп мөлшерде сақталған.

Византия өнері. Рим империясы құлағаннан кейін бұрынғы астананы қайта жаңғырту үшін византиялық императорлар жаңа пашта резиденциясы –

Константинопольдің құрылысын салуға көп үлес қосты. Византия мәдениетіне христиан діні айтарлықтай ықпал етті. Византия архитектурасында рим және шығыс мектептерінің жинақтаған тәжірибесі көрініс тапты. Өз даму кезегінде византиялық архитектурасы үш кезеңді бастан кешірді:

Ертевизантиялық: 5- 8 ғ. басы.

Ортавизантиялық: 8-13 ғ.

Кейінгівизантиялық: 13-15 ғ.

Византиялық сәулетшілер өздерінің туындыларында жергілікті құрылыс материалдарын қолданды: ұсақ тастар және күйдірілген кірпіш –плинфа (қалыңдығы 4-5 см болып келетін шаршы немесе тікбұрышты формадағы кірпіш). Құрылыс ұсақталған кірпіштер қосылған әк ерітіндісімен салынды. Көбінесе құрылыста кірпіштің 4-5 қатары бірнеше тас қалау қатарымен алмасып отырды. Осындай құрылыс «византиялық» деген атауға ие болды. Византия архитектурасының әр кезеңінің дамуы арнайы конструктивті немесе жоспарланған жүйе бойынша атқарылған жұмыстармен сипатталады. Ертевизантиялық кезеңде күмбезді құрылыстар мен орталық ғимараттарды композициялауды қолдану қалыптасты. Ортавизантиялықта кресткүмбезді типіндегі храмдар салынды. Кейінгівизантиялық кезеңде монастырлық құрылыстардың және монументалды храмдардан бас тарту кезеңі болып саналды.

Ерте орта ғасыр кезеңіндегі Еуропа елдерінің өнері. Ерте орта ғасыр саяси тұрақсыздық пен бірегей стильдің болмауымен ерекшеленді. Сәндік өнер кітап миниатюраларында және костюмдерде дамыды: ілгек, тәж және әшекей. Қалғандарында ою-өрнектер дамыды: жануар, өсімдік және гүлдің суреттері. Монументальды кескіндеме: мозаикалар мен фрескалар. Монастырлар сауаттылықтың ошағы болды. Олардың арқасында антикалық авторлардың есімдері мен еңбектері сақталды. Монастырларда ортағасырлық храмдар қалыптаса бастады. Остготтық Италия қалалары (Рим, Равенна, Милан) антикалық классикалық дәстүрді жалғастырған өнер мен архитектураның орталығы болды. Әсіресе остготтық мемлекеттің астанасы – Равенна қаласы гүлденді. Жаңа ұлы собор және сарайлармен, амфитеатрлармен, монументальды жерлеу орындарымен және көркем мозаикалармен безендірілді. Сонымен қатар, көпір, жол және акведуктарды салу жалғасын тапты, алайда негізгі культтық құрылыстар – храмдар мен баптистерийлер негізгілері болып саналды.

Теодорих мавзолейі. Равеннаның ерекше құрылысы (526 ж). Жерлеу құрылыстарының римдік дәстүрін жалғастыра остготтық патша мавзолейі орталық ғимарат негізінде салынды. Мавзолейдің ішкі кеңістігі қазіргі күнге дейін өте жақсы сақталған бай фрескалармен және мозаикалармен әшекейленген.

Ерте-христиандық базиликтерінің құрылымы. Базилик – ерте христиандардың алғашқы культтық құрылысы. Рим базиликтерінен («василевс» грекше - патша) келген, бірақ басқа мағынаға ие. Антикалық храмдардан айырмашылығы христиан храмы – ғибадатхана, сенушілер

жиналатын орын. Храм таңғажайып әлем, жұмақтың екінші орны болып саналды. Базиликтер мозаикалармен безендірілді. Мозаикалар смальтадан – шыны тәрізді пастадан және алтыннан жасалды. Мозаика жылтыры құбылмалы, жайнаған атмосфераны қалыптастырды. Сыртқы құрылысы тақуа, әрі қарапайым болды. Базилик құрылысы алып кемеге ұқсас, биік орталық нефтен тұратын тікбұрышты ғимарат. Орталық нефке екі жағынан екі кішкентай неф салған. Орталық нефтің шығыс жағы жартылай шеңберлі апсидпен (храмның алтарлы бөлігі) аяқталған. Көлденең зал мен трансепт ғимаратқа айқыш пішінін берген. Базилик бөліктері: атриумды сарай, нартекс, трансепт, арка, баптистерий және алтарь. Орталығында немесе атриум сарайының жанында дәрет алуға және шоқындыруға арналған бассейн немесе су көзі орналасқан. Нартекс христиан болуға ниет білдірушілерге арналған сарайдан кейінгі құрылыс. Трансепт – дін басыларына арналған бөлік. Баптистерий – жалпы шоқындыруға арналған шоқыну бөлмесі.

Сан-Витале шіркеуі, оның негізгі ерекшелігі – мозаикалық көркемсуреттер. Сан-Витале шіркеуі орталық ғимараттың үлгісі болып саналады. Оның жоспары сегіз қырлы қабырғамен қоршалған, тіреу бағандардан тұратын, сегізбұрышты болып келеді. Қабырғалары күмбезделіп келген. Күмбез астындағы арка құрылысы дәрежесі жоғары адам кескіндері салынған галереяны тіреп тұрды. Негізгі бағаналар арасы қосымша аркалардың көмегімен жартылай дөңгелек пішін жасады. Орталық бөлігі биік емес күмбезбен жабылған. Сан-Витале храмының негізгі кереметі – тамаша мозаикалық жазбалар. Мозаика ерте ортағасырдағы өнердің ең негізгі түрі болған. Антикалық кезеңнен айырмашылығы енді ғимараттың едені ғана емес, қабырғалары мен апсидтер де безендірілді. Табиғи тастардан емес, смальта әйнектерінен жасалды. Ортағасырлардағы мозаикалар алтын түспен және үсті жылтырмен қапталды. Сан-Виталенің мозаикалары осындай. Оның біреуі храмның кіре беріс жеріне бағыттап тұрған салтанатты үдеріс салынған жер. Басында император Эстиниан мен патшайым Феодор салынған. Мозаиканың фигуралары үлкен етіп салынған, суретші басты назарды бай бөлшектерге және табиғатқа арнаған. Равенск мозаикаларында алғаш рет ортағасырлық кескіндемеге сәйкес бөлшектерді ұзарту мен келбеттің әдемі жанын салуға ұмтылыс пайда болған.

Константинопольдегі София храмы. Орталық-күмбез соборының үлгісі ретінде Константинопольдегі әулие София соборын айтуға болады. Осы жоспарды салу және жүзеге асыруда шамамен 100 архитектор мен 10 мың құл жұмысқа тартылды. Соборды салу барысында басты христиан храмын салу идеясы қолға алынды. Собордың өлшемі 74,8*69,7 м. Собор Царьградтың биік нүктесін алады және қаланың бір төбешігінде орналасқан. Собор аула шіркеуі деп есептелген. 9 салтанатты есік мәрмәр фонтаны бар салтанатты сарайдың алдында орналасқан мәрмәрлі нартекстан храм ішіне апарады. Орталық есіктен тек император мен патриархтар ғана кіре алған. Қарапайым адамдарға соборға кіруге тек жанындағы есіктен ғана мүмкіндік берілген. Храмдағы жарықтық бірдей болмаған. Ең жарық орталық күмбездің алдындағы амвон болып есептелген.

Венециядағы әулие Марк соборы. Собор крест-күмбез храмның үлгісі болып есептеледі. Бір ғимаратта 5 крест-күмбез жүйесі қиылысқан. Орталық күмбез өзінің өлшемі және жақсы жарықтығының арқасында үстемдік етіп тұрған. Күмбез басында жалпақтау болып келген. Кейіннен биіктеліліп қайта салынған.

Пизан ансамблі. Пизадағы собор алаңы әлемдегі ең әдемі, әрі атақты роман архитектурасының ескерткіші болып саналады. Собор алаңының құрамына собор, баптистерий мен кампанила – атақты «кұлайын деп жатқан мұнара» кіреді. Собор үлкен беснефты базиликтен (ұзындығы 95 м) және үшнефты трансептан тұрады. Жұқа қапталған орталық нефтегі тік гранитті бағаналар мәрмәр капителдермен, базиликтермен антикалық капителдерден алшақтатылған. Крестер арасында антикалық дәстүрдің бірі эллиптикалық күмбез жасалынған. Баптистерий биіктігі 54 м конус пішінді жабылған жылтыр мәрмәр ротонда негізінде салынған. Ол бағаналы галереяның екінші ярусын қоршаған. Баптистерийдің қабырғалары ансамбль алаңындағы басқа элементтер сияқты аркалық сарынмен салынған. Күмбездің диаметрі 18 м, биіктігі 55,2 м, ансамбльдің оңтүстік-шығыс жағында орналасқан. Мұнара барлық үш ғимараттағы негізгі ритмикалық сарынды қайталайтын 8 ярус галереясын ұсынған. Мұнараның құрылысшылары алаңдағы қоршап тұрған ғимараттармен архитектурасын сәйкестендіріп салған.

1. Бақылау сұрақтары.

1. Византия өнерінің дамуы қандай кезеңдерге бөлінеді?
2. Ерте орта ғасырларда Еуропа өнері қалай дамыды?
3. Сан-Витале шіркеуінің басты ерекшелігі неде?
4. Константинопольдегі София храмының архитектураның дамуындағы маңызы қандай?
5. Роман кезеңінде Еуропа өнері қалай дамыды?
6. Роман архитектурасына сипаттама.

1. Әдебиеттер

1. Искусство Западной Европы и Византии/ Редколл. В.Н.Гращенко, А.И.Комеч, М.Я.Либман.- М.: Наука, 1978.
2. Искусство Средних веков и Возрождения: Энциклопедия/ Автор-сост. О.Б.Краснова.- М.: ОЛМА – ПРЕСС, 2001.
3. Колпакова Г.С. Искусство Византии: Поздний период. 1204-1453 гг./ Г.С.Колпакова.- СПб: Азбука – классика, 2004.

4. Колпакова Г.С. Искусство Византии: Ранний и средний периоды/
Г.С.Колпакова.- СПб: Азбука – классика, 2004.
5. Малая история искусств: Искусство средних веков в Западной и
Центральной Европе/ Сост.: В.Н.Тяжелов.- М.: Искусство, 1981.